

*П. Сейіткәрім, 3-курс*  
*Ғылыми жетекшісі: Б. А. Қалиев, қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,*  
*филология ғылымдарының кандидаты*  
*(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)*

## **ФРАЗЕОЛОГИЗМ ЖӘНЕ ВАРВАРИЗМДЕРДІҢ ЖАЗУШЫ ТІЛІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ**

Жазушы стилі — әр қаламгердің көркем шығарма жазу үстінде қалыптасатын өзіндік мәнері, сөз қолдану тәсілдері. Жазушының стиль ерекшелігі өзінің өмірді тануына, шығармасының идеялық мазмұнына сай жалпыхалықтық тіл қазынасын меңгеріп, оны қалай қолданғанынан байқалады.

Егер жазушы шын талантты болса, оның жазған-сызғандары оқырман сезіміне әсер етпей қоймайды. Мәселен, қаламгер Н. Ораздың туындыларының бір ерекшелігі — театр сахнасына

сұранып тұратындығы. Себебі қаламгер туындылары өмірдің өзекті мәселелерін көтере біледі. Бір қарағанда, тіршіліктің қарапайым, көзіміз үйренген болмашы көрінісі болуы мүмкін. Алайда әлгінің астарында — терең ой, назар аударарлық мән-мағына жатады. Автор оқырманға ой тастар жайларды көбінесе даяр қалпында жұмсалуды, мағына тұтастығы және тіркес тиянақтылығымен ерекшеленетін фразеологизмдер арқылы жеткізеді<sup>1</sup>.

Тіл арқылы қатынас жасауда сөздер жеке дара күйінде емес, бір-бірімен тіркесіп қолданылады. Сөздердің грамматикалық заңдарына орайласып, емін-еркін тіркесуінен синтаксистік бірліктер — еркін сөз тіркесі мен сөйлемдер жасалады. Сөздер бір-бірімен жапатармағай тіркесе бермейді, мағыналарының үйлесімділігі болғанда ғана тіркесіп жұмсалады. Мағыналық үйлесімділік — сөздердің бір-бірімен семантикалық жақтан үйлесуге бейімділігі. Кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған мағынасы біртұтас құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік бірлік фразеологиялық оралым делінеді<sup>2</sup>.

Жоғарыда айтылған пікірлерге дәлел ретінде Н. Ораздың «Даладан қалаға келгендер» хикаятынан мынадай мысалдар келтіруге болады: Оны көргенде ақ-пиманың иесінің зәре-құты ұшып, екі аяғы өзінен-өзі зымырап кеп жөнелді. Зәре-құты ұшты — қатты қорықты, жүрегі ұшты, үрейі қашты, көзі тас төбесіне шықты. — Енді былай, жылынып, жан шақыртып алмаймыз ба?! Жан шақыру — дем алу, тыныстау мағынасында жұмсалған. Ақ бөкебай орамалды иығына желбегей жамыла салып, желең шыққан орта жастар шамасындағы әйел темір есіктің құлпын сылдырлатып ашты да, бір ауыз үн қатпастан қайтадан жүгіре басып үйге кіріп кетті. Үн қатпастан — еш дыбыс шығармай, түк білдірместен, тым-тырыс. Ол шығып кеткен соң, терезенің алдына келіп, далаға көз салды. Көз салды — қарады, көзін тікті, көңілі бөлінді. Екі көзіміз төрт боп сені күтіп отырмыз ғой. Екі көзі төрт болды — сағынды, аңсады, жолына қарай-қарай шаршады, көруге асық болды.

Варваризмдер — тілге етене болып сіңбеген, соншалықты зәрулігі жоқ бөтен тілдің сөзі. Варваризм шығармада түрлі мақсатта жұмсалады:

- кейде бір халықтың шынайы өмірін, тұрмыс-салтын суреттеп көрсетпек болғанда, сол елдің ұлттық ерекшелігін бейнелеу мақсатында.
- халық ақындары да тыңдаушыға ерекше әсер етіп, күлдіру үшін әдейі пайдаланады.
- өзге тілдегі сөздерді сөзбе-сөз аударуға қиын тиген жағдайда, варваризмдер сол қалпында еш өзгермейді.
- кейде қоғамдағы жағымсыз қылықтарды келемеждеу үшін де қолданылады.
- ана тілін білуге мән бермей, оған жүрдім-бардым қарап, тіл шұбарлаушыларды келемеждеу үшін де<sup>3</sup>.

Қаламгер шығармасын оқып отырып, кейіпкерлер тіліне тән осы бір ерекшелікті байқауға болады:

- Ха, кластас! — деп ыржиып күлді милиционер жігіт оған қарап. Бұл сөйлемде қаламгер кейіпкердің сөйлеу тілі арқылы қазақ тілінің шұбарланып тұрғанын, қарапайым сөйлеу лексикасында тілдің толық қолданылмауын көрсетіп тұр.

- Мінекей, маладес деген осы! — деді Манат көңілденіп. — Біздің старший лейтенанттың сүйікті мақалы ғой.

- Там занято, — деді амандық жоқ, саулық жоқ кірпік қақпай тесірейе қарап. — Ты че, одна что ли? — Там другие... — деп үй жақты иегімен нұсқады.

Шығармада фразеологизм, варваризмдермен қатар, тіліміздің қарапайым сөйлеу лексикасы да кездеседі. Сол арқылы қаламгер кейіпкерлердің мінезін, іс-әрекетін толық ашып көрсетуге мән берген.

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. — Астана, 2002.

<sup>2</sup> Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. — Алматы. Сөздік словарь, 2006.

<sup>3</sup> Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. — Алматы, 1977.